



Биыл еліміздегі іргелі көпсалалы жоғары оқу орны – Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетіне - 80 жыл. Бүгін мерейтойға арналған салтанатты жиынға Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек пен қала әкімі Рабит Сыздықбеков қатысты.

ҚР Үкіметінің қаулысымен Auezov University-не «зерттеу университеті» мәртебесі берілді.

Бұл туралы ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек жоғары оқу орнының 80 жылдық мерейтойында хабарлады. Бүгінгі таңда Auezov University академиялық және ғылыми қызметте тамаша нәтижелер көрсетуде. Соңғы төрт жылда университет ғалымдары химиялық технология, құрылыс, фуд-инжиниринг, био және нанотехнология және т. б. салаларда бес миллиард теңгеден астам гранттық жобалар мен бағдарламаларды орындады.

«80 жылдық мерейтой біз үшін мерекелік іс-шара ғана емес, сонымен қатар бүгінгі күннің шындығын бағалау мен университеттің даму болашағын терең талдау. Бүгінгі таңда Әуезов университеті қарқынды дамып, стратегиялық серіктестікті қарқынды дамытуда», - деп атап өтті М.Әуезов атындағы ОҚУ ректоры Дария Қожамжарова.

Мерекелік іс шараға келген қонақтар Нидерландтан арнайы келген Мұхтар



Әуезовтің немересі Зифа Әуезованы салтанатпен қарсы алып, заңғар жазушының ескерткішіне гүл шоқтарын қойды.

«Баршаңызды осындай маңызды іс-шарамен - Мұхтар Әуезов атындағы университеттің 80 жылдығымен құттықтаймын. Осының құрметіне мен ЖОО кітапханасына голланд тіліне аударылған және Голландияда шығарылған «Абайдың қара сөзі» кітабын әкелдім. Өткен жылы Левен университетінде М.Әуезовтің 125 жылдығын мерекелеу аясында Қазақ әдебиеті мен оның тарихына арналған конференция ұйымдастырылды. Конференцияға университеттің жас зерттеушілері, оқытушылары қатысып, университеттің жетістіктері туралы халықаралық қоғамдастыққа айтып берді. Шетелдіктер тарихқа таң қалып, Auezov

М.ӘУЕЗОВ УНИВЕРСИТЕТІНЕ-80 ЖЫЛ

University қызметіне оң баға берді», - деп атап өтті Мұхтар Әуезовтің немересі.

Зифа-Алуа Әуезова, С.Нұрбек және Auezov University ректоры Д. Қожамжарова «Green Challenge»-ге қатысып, оқу орнының аумағына ағаш отырғызды.

Университет бүгінде терең тарихы қалыптасқан, білікті кадрлардың шеберханасына әрі ғылым ордасына айналып отыр. Сонау сұрапыл со-

ғыста - 1943 жылы ашылған институтта алғашқыда 2 факультет пен 7 кафедра болған. Соған қарамастан соғыстан кейінгі жылдары өңірдегі кадр тапшылығы мәселесін шешуге оң ықпал етіп, Шымкент экономикасын қалпына келтіруде маңызды рөл атқарды. Қара шаңырақ қабырғасында әр жылдары білім алған талай гүлгәлар еліміздің дамуы мен өркендеуі жолында қызмет етуде.

Ғылым мен техникасы дамыған дәуірдің көшіне ілескен заманауи оқу ордасында қазір 28 мыңға жуық студент білім алуда. Болашақ мамандарға 2 мыңға тарта оқытушы-профессор, оның ішінде 15 академик, 85 ғылым докторы, 500 ғылым кандидаты, 100-ден астам PhD докторы, 169 магистр-ғалымы, өнеркәсіптерден шақырылған 453 қызметкер білім беруде.

"Университет түрлі халықаралық рейтингтерде жоғары орындарға ие болып жүр. Ал,

Қазақстанның үздік жоғары оқу орындарының ұлттық рейтингінің қорытындысы бойынша 2 орынды иеленіп отыр.

Осының барлығы Әуезов университетінің отандық ғылымды дамыту және экономиканы білікті кадрлармен қамтамасыз ету әлеуетіне ие екенін паш етуде. Сіздерді қарашаңырақ оқу ордасының айтулы мерейтойымен құттықтаймын!

Жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беріп, Әділетті Қазақстанның іргесін бекіте түсетін адал да парасатты азаматтарды, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлап, Тәуелсіз еліміздің өркендеуіне үлес қоса беріңіздер», - деді қала әкімі.

Мерейтой аясында «Білім, ғылым және инновациялар» халықаралық форумы ұйымдастырылды. Сондай-ақ дәрісханалар мен ғылыми зертханалар ашылды. Оқу орнының 80 жылдық мерейтойы қарсаңында пайдалануға берілген 3 бірдей зертхана университеттің ғылыми әлеуетін одан әрмен нығайтуға тың серпін бермек. «Химиялық өндіріс», «Тамақ биотехнологиясы», «Ауыз суды дайындаудың тиімді технологияларын жасау кешені» студенттердің әрі қарай білімін жетілдіріп, ғылыми зерттеулер жасауына көмегі зор болмақ.

Мереке төсбелгілермен, Құрмет грамоталарымен, мерейтойлық медальдармен және алғыс хаттармен, сондай-ақ қазақстандық әртістердің, музыкалық ұжымдардың және университеттің би ансамбльдерінің қатысуымен гала-концертпен аяқталды.

Арайлым ӘДІЛХАНҚЫЗЫ.